

ISSN 1563-0366  
Индекс 75882; 25882

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Заң сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК КазНУ

Серия юридическая

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# KazNU BULLETIN

Law series

---

## №5

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015



# ХАБАРШЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ № 5



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады*

## ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

**Ережепқызы Р.**, жауапты хатшы

(Қазақстан)

Телефон: +7727-377-33-36;

8-727-377-33-37 (ішкі н. 12-57)

E-mail: rose@mail.ru

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Байдельдинов Д.Л.**, з.ғ.д., профессор

(бас редактор) (Қазақстан)

**Кенжалиев З.Ж.**, з.ғ.д., профессор

(бас ред. орынбасары) (Қазақстан)

**Сартаев С.С.**, з.ғ.д., академик (Қазақстан)

**Тыныбеков С.Т.**, з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Ибраева А.С.**, з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Джансараева Р.Р.**, з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Усенова Г.Р.**, з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Еркинбаева Л.К.**, з.ғ.д., профессор (Қазақстан)

**Жатқанбаева А.Е.**, з.ғ.д. (Қазақстан)

**Трунк А.**, профессор (Германия)

**Монтекило С.**, профессор (БАӘ)

**Бурхард Б.**, профессор (Германия)

**Лисица В.**, профессор (Ресей)

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

*Akbolatova M.E., Duzbayeva S.B., Taubaev B.R.*

History of mediation

*Акболатова М.Е.*

Криминологическая характеристика миграционных процессов

*Акпаева Н.А., Маликова Ш.Б.*

Восстановление социальной справедливости как основная цель уголовного наказания

*Алимкулов Е.Т.*

Особенности санкционирования содержания под стражей следственным судьей

*Алимкулов Е.Т.*

К вопросу о депонировании показаний следственным судьей

*Алимкулов Е.Т., Сүлейменова А.С.*

Issues of admissibility of evidence in light of the new criminal procedure legislation of the Republic of Kazakhstan

*Алтанова А.С.*

Соттық дәлелдемелердің негізгі белгілері

*Аратұлы К.*

Сравнительный анализ уголовного законодательства зарубежных стран об ответственности за компьютерные преступления

*Аратұлы К., Огай А.*

Преступления в сфере компьютерной информации в РК и зарубежных странах

*Аратұлы К., Ордабек К.*

Ақпараттық қылмыстарды тергеудің тактикалық тәсілдері

*Арын А.А., Байтекова Қ.Ж., Отарбаева А.Б.*

Конституция қағидалары: конституциялық құқықтың категориялық аппаратындағы орны

*Атаханова Г.М.*

Көші-кон үдерісінің салдары туралы

*Әлімкулов Е.Т.*

Басты сот талқылауы барысында прокурор мен қорғаушы-адвокаттың сот жарыссөзіне қатысу мәселелері

*Базилова А.А.*

Криминологические проблемы киберпреступности

*Базилова А.А.*

Компьютерлік қылмыстарды ашу және әшкерелеу тәжірибесі

*Базилова А.А.*

Компьютерлік қылмыстырдың алдын алу шаралары

тергеуді бастаудың кейбір мәселелері жөнінде <i>Даубасова С.Ш., Турашбекова Д.А.</i>	197
Экологиялық құқық бұзушылықтар бойынша оқиға болған жер мен құжаттарды қарап-тексерудің тактикалық ерекшеліктері <i>Джансараева Р.Е.</i>	206
Зарубежный опыт регламентации ответственности за незаконную миграцию <i>Джансараева Р.Е.</i>	215
Определение понятия незаконной миграции <i>Дузбаева С.Б., Акболатова М.Е., Таубаев Б.Р.</i>	225
Девиантное поведение несовершеннолетних <i>Дузбаева С.Б., Акболатова М.Е., Таубаев Б.Р.</i>	234
Причины совершения преступления несовершеннолетними <i>Ергали А.М., Какимбеков Н.Е.</i>	240
К проблемам обеспечения информационной безопасности в Республике Казахстан <i>Ergali A.M., Sultanova A.</i>	244
The features of a technique of harmonization (unification, rapprochement) criminal legislation <i>Ergali A.M., Akpayeva N.A.</i>	251
The essence, grounds and conditions for the application of penalties associated with isolation from society <i>Есбулатова Р.М.</i>	255
Допустимость и принципы ограничения прав человека: к вопросу о механизме по обеспечению и защите прав человека в деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан <i>Жаксыбекова Ф.С., Маликова Ш.Б.</i>	261
Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық мәселелері <i>Жәнібеков А.К., Сериев Б.А., Арын А.А.</i>	271
Қылмыстық сот ісін жүргізудегі заттай дәлелдемелер және дәлелдеу құқығының түсінігі <i>Жәнібеков А.К., Сериев Б.А., Арын А.А.</i>	280
Қылмыстық процесте дәлелдеменің қайнар көзді ретіндегі сот сараптамасының түсінігі <i>Избасова А.Б.</i>	287
Қылмыстық кодекстің жаңа нұсқасындағы компьютерлік қылмыстар туралы <i>Избасова А.Б.</i>	294
Компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісі туралы <i>Izbasova A.B., Zhamankenova A. Zh.</i>	300
Some questions of qualification of taking to suicide	306

**Избасова А.Б.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: A\_izbasova@mail.ru

## **КОМПЬЮТЕРЛІК ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ СУБЪЕКТИСІ ТУРАЛЫ**

Ақпараттандыру осы уақытта Қазақстан аумағында жаңа негативті (жағымсыз) құбылыстардың пайда болуына, соның ішінде осы саладағы қылмыстарға алып келді.

Ғылыми-техникалық прогресс қылмыстың мазмұның күрделі өзгертті, сол себепті қылмыспен күресудің механизмі құрамында да өзгерістерге алып келді. В.А. Мазуровтың айтуынша, компьютерлік технологияларды пайдалана жасалатын қылмыстар тек электронды болмыста ғана емес, сонымен қатар қандай да болсын электронды құрылғылар бар тәндік өмірде де жасалып жатады [1, 68 б.].

Кез келген мемлекеттің ұлттық инфрақұрылымы бүгінгі күні жаңа компьютерлік технологиялармен тығыз байланысты. Банктік және энергетикалық жүйелердің күнделікті қызметі, көлік жүйелері, әуе қозғалысы тіпті медициналық жәрдем мен адамға қажетті күнделікті мұқтаждық қызметтері мен сервисі автоматтандырылған электронды есептеу жүйелерінің дұрыс және қауіпсіз жұмысына толық тәуелді. Қазіргі таңда жалпы қылмыстардың басты бөлігін жаңа технологиялармен байланысты жасалатын қылмыстар саны қамтып келетінін сан алуан рет айттық. Оның тез дамып өсуіне тікелей қазіргі жаңа заманның негізгі бастамасы Интернет ғаламторымен тікелей байланысты және онымен тең дәрежеде күресуді жүзеге асыра алмай келе жатқан өкілетті органдармен және тиісті шаралардың жетіспеуімен байланысты десек те болады.

Әрекеттің белгілі бір қылмыс құрамын құрайтындығын және ол үшін қылмыстық жауаптылықтың мүмкіндігін анықтау үшін қылмыс жасаған нақты тұлғаны тауып, оның қылмыстық заңда белгіленген барлық белгілерге ие екендігін анықтау қажет. Кез-келген қылмыстың қылмыс құрамының міндетті элементтерінің қатарында қылмыс субъектісі кіреді, себебі қылмыс нақты жеке тұлғамен жасалады. Қылмыстық заң қылмыс субъектісі ретінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта қылмыстық жауаптылық жасына толған есі дұрыс жеке тұлғаны таниды (ҚР ҚК 15-бабаның 1-бөлігі). Бұған қоса заңмен қылмыстардың жекеленген түрлері үшін қылмыстық жауаптылық мүмкін болатын субъектілердің шектелген шеңберіне жауаптылық көзделеді. Бұл кейбір

қылмыстар есі дұрыс және қылмыстық жауаптылық жасына толған кез-келген тұлғалармен емес, қылмыстық кодекстің сәйкесінше бабымен қарастырылған жекеленген ерекшеліктерге ие тұлғалармен жасалады. Бұл арнаулы субъектілермен жасалатын қылмыс құрамдары, олардың қатарына компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстар да жатады. Қарастырылып отырған қылмыс құрамдары субъектілерінің анықтамасы бір жақты түсіндірілмеді. Кейбіреулері есептеу техникасын пайдалану саласындағы қылмыстар тек арнаулы субъектілермен жасалатын қылмыстар деп тұжырымдайды. Ал ғалымдардың екінші тобы қоғамның компьютерлендіру деңгейі жоғары болған сайын аталған қылмыстар жалпы субъектілермен жасалатындығы жиелі түседі деген ойда.

Шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектілері олардың кәсіби даярлығы мен әлеуметтік жағдайларының деңгейлеріне қарай ажыратылады. «Компьютелік» қылмыскерлерді бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады.

Бірінші топ – электрондық есептеуіш машиналарды пайдалану ережелерін бұзушылар. Олар өздерінің техникалық білімдерінің жеткіліксіздігі салдарынан оларды қызықтыратын ақпаратпен танысу немесе қандай да болмасын бағдарламаны ұрлап алу немесе электрондық есептеуіш машиналардың қызметін тегін пайдалану мақсатында қылмыстық құқық бұзушылықтар жасайтындар.

Екінші тоты компьютерлік техника мен бағдарлама жасау саласындағы кәсібилік пен өзіндік фанатизм және тапқырлықты үйлестірген тұлғалар құрайды. Оларды «хакерлер» немесе «бағдарлама жасауға құштар адамдар (одержимые)» деп атайды. Бұл субъектілер компьютерлік техника құралдарын өздерінің творчестволық және кәсіби білімдері, дағдылары мен біліктіліктеріне деген өзіндік сын-тегеурін ретінде қарастырады. Бұл топ субъектілеріне тән ерекшелік болып қылмыскерлерде материалдық пайда табу ниеттерінің болмауы табылады. Бұл субъектілер басым көпшілік қылмыстарды өздерінің қабілеттіліктерін дәлелдеу, көрсету және бекіту мақсатында жасайды.

Аталған топтағы қылмыскерлердің қызметі компьютерлік жүйелерге заңсыз кіру, ұрлық ақпаратты бұрмалау мен жоюдан көрініс табады. Ерекше назарды бұл ретте компьютерлік техника саласындағы кәсіби-мамандар аудартады. Компьютерлік жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шаралардың күшеюін олар психологиялық тұрғыда өздерінің кәсібилігін тексеруге деген шақыру ретінде қарастырады. Сондықтан олар өздерінің артықшылықтарын көрсетуге талпынып, нәтижесінде бұл әрекеттер қылмыс жасауға әкеп соқтырады.

Бұл топтағы компьютерлік қылмыскерлерді қылмыс жасауға деген арнайы дайындығы мен нақты мақсатының болмауы; қылмыс жасау әдісінің өзгешелігі; қылмыс жасау құралы ретінде тұрмыстық техника

құралдары мен заттарын қолдануы сияқты белгілеріне байланысты ажыратуға болады.

«Хакер» термині ақылшын «hack» сөзінен шыққан – кесу, шабу мағынаны білдіреді. Бұл тұлғаларды сипаттайтын жариялымдардан хакер – әлсіреу жағдайына дейін дисплейде 12-16 сағат қатарынан жұмыс жасайтын, анда-санда тамақтанып, сырт келбетіне қарамайтын, қоршаған ортаға көңіл аудармайтын және өзгелердің пікіріне құлақ аспайтын азамат. Дегенмен олар операциялық жүйенің қыр-сырын, ассемблер (операциялық жүйеде бағдарламаны автокодтан машина тіліне автоматты түрде аударуға арналған көмекші бағдарлама) тілін (assembly language), бағдарлама жасаудың жоғарғы деңгейдегі тілдерін және шалғай құрылғылардың ерекшеліктерін жетік білетін тұлғалар санатына жатады [2].

Біреулерінің негізгі өнімдері - құжаттарды құрамайтын ұсақ бағдарламалық жүйелер. Оларды құру барысында жиі біреудің бағдарламаларын «қиқымдау (кромсание)» бүлдіру пайдаланылады. Олардың қызметінің мақсаты болып өздерінің түсінулері бойынша – операциялық жүйенің мықты бағдарламаларын (ойындар, вирустар, бағдарлама тілдері және т.б.) құру табылады.

Ал кейбіреулері үшін басты міндет қандай да бір жүйеге кіру, бұл жүйенің қорғалуын бейтараптандыру болуы мүмкін. Бұларды кракерлер (crack – бұзу) деп атайды.

Үшінші біреулерін «ақпараттық саяхатшылар» деп атайды. Олар біреулердің компьютерлері мен жүйелеріне кірулерімен мамандандырылған. Ал төртіншілері – троян бағдарламалары мен компьютерлік вирустарды құраушылар. Алайда бұларды хакерлер деп атауға болмайды. Себебі хакерлердің ресми емес «кодекстерінде» өз білімдерін тұтынушыларға зиян келтіру үшін пайдалануға тыйым салынған.

Хакерлердің өз қағидалары бар. Олардың әдебі келесі көрсетілгендерге негізделген:

1) Компьютерлер – бұқара топқа арналған құрал. Олар тек ауқатты адамдардың ғана меншігінде болмауы керек;

2) Ақпарат барлығына бірдей тиесілі және еркін болуы тиіс. Хакерлер бағдарламаларды құрастырып, тарату қажет, оларды құпия ұстауға болмайды деген көзқарасты ұстанады;

3) Бағдарламалық код – көпшіліктің игілігі. Жақсы кодты барлығы пайдалануы керек, ал жаман код түзетілуі тиіс, бағдарламалар авторлық құқықпен қорғалмаған немесе көшіріп алудан қорғалған болмауы керек;

4) Бағдарлама жасау – бұл өнер;

5) Компьютер – тірі организм. Оны күтіп, бағалау қажет [3, 37 б.].

Америка криминалистері «хакерлерді» келесідей суреттейді: жасқаншақ, компьютермен бүркенетін, интроверт, өздерін жоғары бағалайтын, алайда басқа тұлғалар арасында беделді емес,

ұйымдастырушылық қабілеттіліктері төмен, ақылды, интеллектуалдық көрсеткіштері жоғары, әдемі сойлейтін, сауатсыз жазатын, үлгерімдері төмен тұлғалар. Қызметтерінің шыңы – 16-17 жас.

Қарастырылып отырғандардың ішінде екінші және үшінші топтағы қылмыскерлер ұқсас келеді. Олардың құрамына психикалық аурудың жаңа түрі – ақпараттық аурулар немесе компьютерлік фобиялармен ауыратындар кіреді. Аурудың аталған санаты ақпараттық жүйенің жүйелі түрде бұзылуынан болады: ақпараттық ашығулар мен қайта жүктеулер, ақпараттық тартыстар т.б. Бұл топтағы қылмыскерлермен жасалатын компьютерлік құқық бұзушылықтар негізінен қылмыстық ниетсіз компьютерлік техника құралдарын жою немесе бүлдірумен байланысты.

Ал төртінші топты құқыққа қарсы әрекеттерді нақты пайдакүнемдік мақсатта жасайтын кәсіби «компьютерлік» қылмыскерлер құрайды. Бұл қылмыскерлер қылмысты жасыруға бағытталған әрекеттермен компьютерлік құқық бұзушылықтарды жасаудың көптігімен сипатталады. Көбінесе олар жоғары техникалық, заңдық немесе экономикалық білімдері бар білікті мамандар. Олардың басты мақсаттары қақсы тараптан экономикалық, техникалық және басқа да салалардағы маңызды ақпаратты алу болып табылады. Бұл қылмыскерлер үлесінде компьютерлік техника құралдарын пайдалану арқылы жасалған көптеген аса ауыр қол сұғушылықтар жатыр. Бұл топтың ішінде «ақ жағалылар» деп аталатын байсалды қылмыскерлер – бухгалтерлер, қазынашылар, т.б. фирмалардың қаржыларын басқарушылар, адвокаттар, компаниялардың вице-президенттері және т.б. бар. Аталған қылмыскерлерге компьютерлерді жоспарланып отырған қылмыстарды үлгілеу, бәсекелестерді компьютерлік бопсалау, ақпаратты бұрмалау және т.б. әрекеттер тән. Мұндай қылмыстардың мақсаты болып негізінен материалдық пайда табу немесе басқа қылмыстық әрекеттерді жасыру табылады.

Нақты қылмыстық істердің аналитикалық деректерінің негізінде жасалған «компьютерлік» қылмыскердің жалпыланған сипаттамасы келесідей:

Қылмысты жасау барысындағы қылмыскерлердің 33%-ның жасы 20-дан аспаған, 13%-ы 40-тан асқан және 54% - ның жасы 20 мен 40 жас аралығындағылар. Қылмыскерлердің басым көпшілігі жыныстық қатыстылығына бойынша ер адамдарды (83% шамасында) құрады, дегенмен әйел адамдар тарапынан аталған қылмысты жасау жыл сайын қарқын алуда. Бұл ретте ер адамдармен жасалатын қылмыс зардабы әйел адамдардың жасаған қылмыстарының зардабына қарағанда 4 есе көп. Қылмыс жасау кезінде қылмыскерлердің 52%-ы ақпаратты автоматтандырылған өңдеу саласында арнайы дайындығы бар тұлғалар, 97%-ы өздерінің өндірістік процестерінде компьютерлік технологияларды



пайдаланатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері болып шықты [4, 28 б.].

Сонымен қатар, әрбір мың компьютерлік қылмыстардың ішінен тек жетеуі ғана кәсіби программисттермен жасалатындығы қызықты. Аталған жағдайларды компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстық заңнаманы жетілдіру процессінде, сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесінде тергеу мен аталған құқық бұзушылық түрінің алдын алуда ескеру қажет.

#### Әдебиеттер

- 1 В.А.Мазуров «Компьютерные преступления: классификация и способы противодействия» // М., 2002.
- 2 Биекенов Н.А. Некоторые проблемы обеспечения кибербезопасности в Республике Казахстан // Алматы, 2014.
- 3 Борисов М. А., Романов О. А. Основы организационно-правовой защиты информации. (Гриф УМО по дополнительному профессиональному образованию). №2. Изд.3, перераб. и доп. М.: Книжный дом «ЛЕНАНД», 2014. — 248 с.
- 4 Михеева Е.В. Информационные технологии в профессиональной деятельности: учеб.пособие. – М.: Проспект, 2010. – 448 с.

#### References

- 1 V.A.Mazurov «Kompyuternyye prestupleniya: klassifikatsiya i sposobyi protivodeystviya» // М., 2002.
- 2 Biekenov N.A. Nekotorye problemyi obespecheniya kiberbezopasnosti v Respublike Kazahstan // Almaty, 2014.
- 3 Borisov M. A., Romanov O. A. Osnovy organizatsionno-pravovoy zashchity informatsii. (Grif UMO po dopolnitelnomu professionalnomu obrazovaniyu). #2. Izd.3, pererab. i dop. М.: Knizhnyiy dom «LENAND», 2014. — 248 s.
- 4 Miheeva E.V. Informatsionnyie tehnologii v professionalnoy deyatelnosti: ucheb.posobie. – М.: Prospekt, 2010. – 448 s.